

Пациенттерге арналған жадынама

Вальпрой қышқылы. Контрацепция және жүктілік: сіз мұны білуіңіз қажет

Пациенттерге арналған жадынама

Бұл буклет құрамында вальпрой қышқылы бар кез-келген препаратты қабылдайтын қыздар мен әйелдерге, сондай-ақ олардың қамқоршыларына/заңды өкілдеріне арналған.

Бұл вальпрой қышқылымен емдеу кезеңінде Жүктіліктің алдын алу бағдарламасы шараларының бірі, оның мақсаты жүктілік кезеңінде препаратты қолдану қаупін азайту болып табылады.

Буклетте жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қолдану қаупі туралы негізгі ақпарат берілген.

Қояншық ауруына ұшыраған кезде жүктіліктің өтуіне қатысты қосымша ақпаратпен Эпилепсия.Инфо <https://epilepsyinfo.ru/women/beremennost/> сайтында танысуға болады

Бұл буклет құрамында вальпрой қышқылы кездесетін кез келген емдік дәрі-дәрмекті қабылдайтын бала туатын жастағы қыздар мен әйелдер үшін, сондай-ақ олардың қамқоршылары/заңды өкілдері үшін арналған.

- Онда жүктілік кезеңінде вальпрой қышқылын қолдану қаупі туралы негізгі ақпарат бар.
- Егер дәрігер вальпро қышқылын сіз үшін ең жақсы емдеу әдісі ретінде ұсынса, оны оқып шыққаныңыз маңызды.
- Жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қолдану қаупі препаратты қабылдайтын барлық қыздар мен әйелдер үшін бірдей.

Осы буклетті, сондай-ақ емдік дәрі-дәрмек қаптамасына салынған медициналық қолдану бойынша нұсқаулықты оқыңыз.

- Вальпрой қышқылын біраз уақыт қабылдаған болсаңыз да, нұсқаулықты оқып шығу өте маңызды, өйткені онда препарат туралы ең өзекті ақпарат берілген.

Осы буклетті серігіңізбен, достарыңыз және отбасы мүшелерімен талқылау қажет болуы мүмкін.

- Қандай да бір сұрақтар туындаса, емдеуші дәрігеріңізге хабарласыңыз.

Осы буклетті сақтаңыз. Оны қайта оқу қажет болуы мүмкін.

МАЗМҰНЫ

1. Есте сақталуы қажет негізгі ақпарат
2. Әйелдер мен жүкті болып қалуы мүмкін жасөспірім қыздарға арналған контрацепция
3. Жүктілік кезеңінде вальпрой қышқылын қолданудың қандай қаупі бар?
4. Туа біткен даму кемістіктері
5. Даму және оқудағы проблемалар
6. Бұл мен үшін нені білдіреді?
 - Мен вальпрой қышқылымен емделуді бастаймын
 - Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және отбасын құруды жоспарламаймын
 - Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және отбасын құруды жоспарлап жүрмін
 - Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және мен жүкті болып қалдым

1. ЕСТЕ САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

- Вальпрой қышқылы —қояншық және биполярлық бұзылуларды емдеуге арналған емдік дәрі-дәрмек.
 - Әйелдер мен қыздар вальпрой қышқылын басқа препараттардың тиімділігі жеткіліксіз болған жағдайда ғана қабылдау керек, өйткені жүктілік кезеңінде вальпрой қышқылын қабылдау дүниеге келмеген балаға ауыр зиян келтіруі мүмкін. Сіз қандай аурумен ауырсаңыз да, дәрігердің нұсқауынсыз вальпрой қышқылын қабылдауды ешқашан тоқтатпаңыз.
 - Вальпрой қышқылын қабылдай отырып, үнемі контрацепцияның тиімді әдістерін қолданыңыз
 - Вальпрой қышқылын қабылдаған кезең бойында контрацепцияны қолданыңыз
 - Контрацепция әдістерін қолдануды қандай жағдайда да тоқтатпаңыз
- Дәрігер сізге контрацепцияның тиімді әдісін ұсынады.
Бұл сізді жоспарланбаған жүктіліктен қорғау үшін қажет.
- Егер жүкті болып қалсаңыз, дәрігеріңізге шұғыл баруды жоспарлаңыз.
 - Егер сіз жүктілікті жоспарласаңыз, дереу дәрігермен кеңесіңіз, оған дейін контрацепцияны қолдануды тоқтатпаңыз.
 - Дәрігердің нұсқауынсыз вальпрой қышқылын қабылдауды ешқашан тоқтатпаңыз, себебі бұл сіздің ауруыңыздың барысын нашарлатуы мүмкін.
 - Бейіндік маманға үнемі (жылына кемінде бір рет) баруды ұмытпаңыз.
 - Қабылдау кезінде жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қолдану қаупімен жақсы таныс екеніңізге және оларды толық түсінетіндігіңізге көз жеткізу үшін дәрігермен Тәуекелдермен ақпараттандырылған келісім нысанын талқылаңыз.

2. ӘЙЕЛДЕР МЕН ЖҮКТІ БОЛЫП ҚАЛУЫ МҮМКІН ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗДАРҒА АРНАЛҒАН КОНТРАЦЕПЦИЯ

Неліктен контрацепцияны қолдануыңыз қажет?

Вальпрой қышқылын қолдана отырып, үнемі контрацепцияның тиімді әдістерін қолданыңыз:

- Вальпрой қышқылын қабылдаған кезең бойында контрацепцияны қолданыңыз
- Контрацепция қолдануды қандай жағдайда да тоқтатпаңыз

Дәрігер сізге контрацепцияның тиімді әдісін ұсынады.

Бұл сізді жоспарланбаған жүктіліктен қорғау үшін қажет.

Қандай контрацепция әдісін қолданғаным дұрыс?

Дәрігеріңізбен контрацепцияның өзіңізге қолайлы әдісін талқылаңыз.

Толық кеңес алу үшін емдеуші дәрігерге, акушер-гинекологқа немесе акушер-бикеке хабарласыңыз.

3. ЖҮКТІЛІК КЕЗЕҢІНДЕ ВАЛЬПРОЙ ҚЫШҚЫЛЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАНДАЙ ҚАУПІ БАР?

Балаңыз үшін қауіпі

Жүктілік кезеңінде вальпрой қышқылын қабылдасаңыз, бұл балаңызға ауыр зиянын тигізуі мүмкін.

- Вальпрой қышқылын қабылдаған кезде эпилепсия немесе биполярлық бұзылуды емдеу үшін басқа препараттарды қолданғанға қарағанда қауіпі жоғары.
- Вальпрой қышқылының төмен дозаларын қабылдаған кезде де қауіп сақталады — доза неғұрлым жоғары болса, қауіп соғұрлым жоғары болады.

Балаңызға қандай зиян келтірілуі мүмкін?

Егер жүктілік кезеңінде вальпрой қышқылын қабылдасаңыз, балаңызда:

- Туған кезде дамудың туа біткен кемістіктер болуы
- Есейген сайын даму мен оқуда проблемалар болуы мүмкін

4. ТУА БІТКЕН ДАМУ КЕМІСТІКТЕРІ

Жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдау балаларда туа біткен ауыр кемістіктерге әкелуі мүмкін.

Әйелдерде жалпы популяцияда:

- 100 баланың 2-3-інде туа біткен даму кемістігі болады.

Жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдайтын әйелдерде:

- 100 баланың шамамен 10-ында туа біткен кемістік болады.

Қандай туа біткен даму кемістіктері туындауы мүмкін?

- Омыртқаның ажырауы – омыртқа сүйектері дұрыс дамымайды.
- Бет пен бассүйек деформациясы, оның ішінде «қоян жырық» және «жырық таңдай», яғни үстіңгі еріннің және/немесе бет сүйектерінің ажырауы.
- Аяқ-қолдың, жүректің, бүйректің, зәр шығару жолдарының және жыныс мүшелерінің дұрыс қалыптаспауы.
- **Есту қабілетінің кереңдікке дейін нашарлауы.**

5. ДАМУ МЕН ОҚУДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР

Жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдау сіздің балаңыздың есеюіне қарай дамуына әсер етуі мүмкін.

Жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдайтын әйелдерде:

- 100 баланың шамамен 30-40-ында даму проблемалары болуы мүмкін.

Ұзақ мерзімді салдары белгісіз.

Даму үшін мынадай салдары болуы мүмкін:

- Кешірек жүру және сөйлеудің дамуы.
- Сол жастағы басқа балаларға қарағанда ақыл-ой қабілеттері біршама төмен.
- Сөйлеу және тілді меңгерудің әлсіз дағдылары.
- Есте сақтау проблемалары.

Аналары жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдаған балаларда аутизм немесе аутизм спектрінің бұзылуы жиі кездеседі. Сонымен қатар оларда зейін тапшылығы және/немесе гиперактивтіліктің даму қаупі жоғары.

6. БҰЛ МЕН ҮШІН НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Төменде сипатталған жағдаяттар арасында өзіңізге қатыстысын таңдаңыз және тиісті ақпаратты оқыңыз:

- Мен вальпрой қышқылымен емделуді бастаймын
- Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және отбасын құруды жоспарламаймын
- Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және отбасын құруды жоспарлап жүрмін
- Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және мен жүкті болып қалдым

Мен вальпрой қышқылымен емделуді бастаймын

Дәрігер сізге вальпрой қышқылын сіз үшін неліктен қолайлы препарат деп есептейтінін түсіндіреді және барлық белгілі қауіптер туралы айтып береді:

- Егер **жүктілік үшін тым жас болсаңыз:**
 - Дәрігер басқа ешқандай дәрілік препарат әсер етпеген жағдайда вальпрой қышқылын тағайындауы тиіс.
 - Сіз және ата-анаңыз/қамқоршыңыз жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қолдану қаупі туралы білуі өте маңызды. Осылайша сіз балалы болу үшін ересек болған кезде қалай әрекет ету керектігін білесіз.
 - Сіз немесе ата-анаңыз/қамқоршыларыңыз вальпрой қышқылын қабылдау кезінде алғашқы етеккіріңіз келсе, дереу бейіндік маманға хабарласуыңыз керек.
- Егер **бала көтеру үшін** жеткілікті деңгейде **ересек болсаңыз:**
 - Дәрігер вальпрой қышқылын тек жүкті болмасаңыз және контрацептивтерді қолдансаңыз ғана тағайындауы керек.
 - Дәрігер сізден вальпрой қышқылын қабылдауды бастамас бұрын және қажет болған жағдайда болашақта жүктілік тестін жасауды сұрайды. Бұл сіздің жүкті емес екеніңізге көз жеткізу үшін қажет.
 - Вальпрой қышқылын қабылдау кезінде әрдайым контрацепцияның тиімді әдістерін қолданыңыз:
 - Вальпрой қышқылын қабылдаудың барлық кезеңінде контрацепцияны қолданыңыз
 - Ешқандай жағдайда контрацепцияны қолдануды тоқтатпаңыз

Дәрігер сізге контрацепцияның тиімді әдісін ұсынады.

Бұл жүкті болып қалмауыңызға кепілдік үшін қажет.

 - Дәрігермен бірге емдеуді үнемі (жылына кемінде бір рет) қайта қарап отыру керек.

- Алғаш келгенде дәрігер сізден жыл сайын толтырылатын Тәуекелдермен ақпараттандырылған келісім нысанын оқып шығуды сұрайды. Бұл жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдаумен байланысты барлық қауіптер туралы ақпаратты біліп, түсіну үшін, сондай-ақ вальпрой қышқылын қабылдау кезінде жүктіліктің ықтимал басталуына жол бермеу туралы ұсынымдар алу үшін қажет.
- Егер **отбасын құрғыңыз** келсе, бұл туралы дәрігеріңізбен мүмкіндігінше тезірек сөйлесіңіз.
 - Вальпрой қышқылын қабылдауды және контрацепцияны қолдануды осы мәселені дәрігермен талқылағанша тоқтатпаңыз.
 - Дәрігеріңізбен балаңыздың денсаулығына төнетін қауіптер туралы, сондай-ақ ауруды қалай бақылауда ұстау керектігі туралы сөйлесуіңіз керек.
 - Бала көтермес бұрын, дәрігермен бірге емдеуді қалай жалғастыру керектігін шешу керек.

Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және отбасын құруды жоспарламаймын

Егер вальпрой қышқылын қабылдап жүрсеңіз, әрдайым контрацепцияның тиімді әдістерін қолданыңыз және бала тууды жоспарламаңыз.

- Вальпрой қышқылын қабылдаудың барлық кезеңінде контрацепцияны қолданыңыз
- Ешқандай жағдайда контрацепцияны қолдануды тоқтатпаңыз

Егер сізге контрацепция туралы кеңес қажет болса, отбасын жоспарлау клиникасында дәрігермен және акушер-гинекологпен сөйлесіңіз.

Егер жүктімін деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігермен кеңесіңіз.

Егер жүкті болсаңыз, дәрігермен сөйлескенше вальпрой қышқылын қабылдауды тоқтатпаңыз, өйткені бұл сізге немесе сіздің балаңызға қауіпті болуы мүмкін.

Дәрігермен емдеуді үнемі (жылына кемінде бір рет) қайта қарап отыру керек.

Жыл сайынғы бару кезінде дәрігер Тәуекелдермен ақпараттандырылған келісім нысанын оқуыңызды сұрайды. Бұл жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдаумен байланысты барлық қауіптер туралы ақпаратты білу және түсіну, сондай-ақ вальпрой қышқылын қабылдау кезінде жүктіліктің ықтимал басталуына жол бермеу туралы ұсынымдар алу үшін қажет.

Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және отбасын құруды жоспарлап жүрмін

Егер бала тууды жоспарлап жүрсеңіз, алдымен дәрігеріңізбен сөйлесіңіз, бірақ бұл ретте:

- **Вальпрой қышқылын қабылдауды жалғастырыңыз**
- **Дәрігермен сөйлескенше контрацепция қолдануды тоқтатпаңыз.**

Бұл мәселені дәрігермен талқылап алмайынша жүкті болып қалмағаныңыз маңызды.

- Ауруыңыздың тұрақтанғанына көз жеткізу үшін дәрігерге жүктіліктен бұрын басқа препаратты тағайындау қажет болуы мүмкін.
- Балаңыздың денсаулығына қауіпті төмендетіп әрі ауруды бақылауда ұстау үшін не істеу керектігін талқылау керек.
- Бала тууды жоспарлау кезінде дәрігермен фолий қышқылын қабылдау қажеттілігі туралы сөйлесіңіз. Фолий қышқылы жүктіліктің барлық жағдайларында болатын омыртқаның ажырауы мен түсік тастау қаупін азайтуы мүмкін. Алайда бұл вальпрой қышқылын қабылдаумен байланысты туа біткен кемістіктер қаупін азайтуы екіталай.

Дәрігермен бірге емдеуді үнемі (жылына кемінде бір рет) қайта қарап отыру керек.

Осындай бару кезінде дәрігер Тәуекелдермен ақпараттандырылған келісім нысанын оқуыңызды сұрайды. Бұл барлық қауіптер туралы ақпаратты білу және түсіну, сондай-ақ жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдауға қатысты ұсынымдар алу үшін қажет.

Мен вальпрой қышқылын қабылдаймын және мен жүкті болып қалдым

Егер жүкті болып қалғаныңызға күдіктенсеңіз:

Вальпрой қышқылын қабылдауды тоқтатпаңыз, әйтпесе қояншық немесе биполярлық бұзылулар барысы нашарлап кетуі мүмкін.

Емдеуші дәрігеріңізбен дереу сөйлесіңіз. Осылайша өзіңізде бар нұсқаларды талқылауға болады. Дәрігер басқа препарат тағайындауы мүмкін және вальпрой қышқылын қабылдаудан жаңа препаратқа қалай өту керектігін түсіндіреді.

Жүктілік кезеңінде вальпрой қышқылын қабылдаған ананың балаларында мынадай қауіп жоғары:

- туа біткен даму кемістіктері,
- даму мен оқу проблемалары.

Бұл балаңыздың өміріне қатты әсер етуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда басқа препаратты қабылдауға ауысу мүмкін болмайды. Қосымша ақпарат алу үшін дәрігеріңізге қаралыңыз.

Осындай бару кезінде дәрігер Тәуекелдермен ақпараттандырылған келісім нысанын оқуыңызды сұрайды. Бұл барлық қауіптер туралы ақпаратты білу және түсіну, сондай-ақ жүктілік кезінде вальпрой қышқылын қабылдауға қатысты ұсынымдар алу үшін қажет.

Сіз

- сіздің ауруыңыз бақылауда екеніне көз жеткізу үшін,
- сондай-ақ балаңыздың қалай дамып жатқанын тексеру үшін мұқият қадағалауда боласыз.